

A. Ә. НИЯЗҒАЛИЕВА

ҚАЗАҚ СӨЙЛЕНІСТЕРІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазіргі кезде қазақ тілінің кемелденіп, қолданылу өрісі барынша ұлғайып, сөздігі байып отырған шакта ана тіліміздің басқа тілдермен ежелден келе жатқан қарым-қатынасын, өзге тілдерден енген сөздердің қазақ тілінен алатын орнын, сондай-ақ кірме сөздердің лексикалық, семантикалық, грамматикалық және этимологиялық мәселелерін ғылыми түрфыдан зерттеп, анықтаудың маңызы айрықша. Профессор В. А. Богородицкий: «Изучая любой язык, мы должны стремиться исследовать его не только в литературном употреблении, но и в народных говорах» [1] деген болатын. Қазақ диалектологиясына қатысты мәселелердің алғаш рет сөз болуы Н. И. Ильминский, В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, Н. Ф. Катанов, М. Терентьев, В. Катаринский сияқты орыс түркологтарының қазақ тілі жайында жазған еңбектерінен басталатыны белгілі. Қенес дәүірінде жеке аймактардың тіл ерекшелігін зерттеу ісінде аталған түркологтар пікірлерінің аз да болса әсері байқалады. Қазақ тіл білімінде бұл салада алғашқы еңбек жазғандар С. А. Аманжолов пен Ж. Д. Досқараев болатын [2]. Қазақ диалектология ғылымының ірге тасын қалаған ғалымдарымыздың бұл еңбектері кейінгі зерттеулерге мұрындық болды. Осыдан бастап жеке макалалар, монографиялар, окулыктар жазылып, жинақтар жарық көріп, сөздіктер басылып шықты.

Біз бұл енбегімізде тіліміздегі жергілікті ерекшеліктер такырыбында жазылған макалалардың, диссертациялары, монографиялар еңбектердің негізінде қазақ сөйленістеріндегі кірме сөздер туралы айтылған пікірлерге токталамыз. Оңтүстік, батыс, шығыс, орталық-солтүстік сөйленістеріндегі кірме сөздер, оның сипаты туралы айтылған пікірлерге жүйелі мәлімет беру үшін бұл шолуды біз аймақтық принцип негізінде беруді жөн көрдік.

Тіл ерекшелігі жағынан ең айқын, анық аңғарылатын, басқа халықтармен көбірек араласып, қарым-қатынасы мол өлкенің бірі – республика-мыздың оңтүстік өнірі, қазақ тілінің оңтүстік

сөйленістер тобы. Қазақ тілінің оңтүстік сөйленіс тобын зерттеу басқа сөйленістерге қарағанда ертерек қолға алынды. 1937 жылы І. Қенесбаевтың басқаруымен республикамыздың оңтүстік өніріне алғаш экспедициялар үйимдастырылды. Осыдан бастау алған жақсы іс жалғасын тауып 1939–1940, 1948–1953, 1955 жылдары оңтүстік облыстарға үзбей экспедициялар үйимдастырылып тұрды. Қөп жылғы диалектологиялық экспедициялардың нәтижесінде мақалалар, еңбектер жарық көрді.

Алғаш жарияланған еңбек Ж. Досқараевтың 1946 жылы жазылған «Краткий очерк о южном диалекте казахского языка» деген макаласы болды [3]. Жеке мақалалардан кейін қазақ тілінің оңтүстік сөйленіс тобына кіретін региондар жеке зерттеу объектісі болып диссертациялар жазылды. Олар 1946 жылы жазылған Ж. Досқараевтың «Оңтүстік диалектінің кейбір ерекшеліктері» атты жұмысы. Бұдан кейінгі жылдары Шу [4], Қызылорда [5], Ташкент [6], Тамды [7] сөйленістері жөнінде кандидаттық, ал Өзбекстандағы қазақтар тілінің лексикасы жайлы докторлық диссертациялар жазылды.

Енді оңтүстік сөйленістер тобының жеке мәселелеріне, соның ішінде кірме сөздерге, немесе жеке сөйленістерге арналған зерттеулерге тікелей қатысы бар еңбектер мен макалаларға шолу жасалық. Бұл түрфыдағы қолемді еңбек – О. Накысбековтің «Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы» (Алматы, 1982) атты монографиясы. Ғалым оңтүстік сөйленістер тобын алтыға бөліп қарастырады (Ташкент, Шымкент, Қызылорда, Шу, Жетісу, Тәжік). Автор лексикалық ерекшеліктерді лингвистикалық география түрфысынан зерттеп, таралу шегін анықтайды, оңтүстіктің өзіне тән ерекшеліктерді, оның әрбір сөйленістеріне тән құбылыстарды, бірнеше сөйленістеріне тән ерекшеліктерді көрсетеді. Сондай-ақ оңтүстік сөйленістер тобына тән сөздердің қазақ тілінің шығыс, батыс, орталық-солтүстік сөйленістер тобынан айырмашылығына, ортақ қасиеттеріне тоқталған.

Оңтүстік сөйленістерге тән жергілікті ерекшеліктердің ішінен кірме сөздерді де кездестіреміз. Өзбекстандағы қазақтар тілінде өзбек тілінен ауысқан сөздердің көптеп қолданылатындығын айта келіп, өзбек тілінің өсерінен туған елу шакты сөздерді көрсетеді. Мысалы: *пәтір* (патир) – ашыттай пісірілген наң; *дәліз* (дализ) – ауыз үй; *жам* (жом) – шылапашын т.б. Шымкент сөйленісінде араб, тәжік, парсы тілдерінен өзбек тілі арқылы енген жұдә, дес орамал, калла, подашы, шайыр т.б. осындай елу шакты сөзді келтірген. Ал Жетісу сөйленісінің басқа сөйленістерден айырмасы – бұндағы түрғындар үйір, дүнген халқымен ертеден аласып келе жатқандықтан, осы тілдердің өсерінің молырақ кездесетінін байқаймыз деп он шакты сөзді мысалға келтіреді: *асбұзыл* (асхана), *дас* (мыс шылапашын), *дагар* (қап), *ақыр* (малга шөп салатын орын), *кәшек* (шөп қалдығы) т.б.

Шу сөйленісі көрші қырғыз тілі өсерінің молдылығымен ерекшеленеді. Ерте кезден бастап Шу алқабындағы қазак, қырғыздардың қарым-қатынасы, байланысы, құда-жекжат болып жасаған туыстық катынасы түрғындар тіліне өсерін ти-гізіп отырды дей келіп ежесе (*таеже*) – нагашы ана, *таеке* – нагашы, көмбеч – таба, жусуған – көрпе, *мұштау* – жұдырықтау т.б. жиырма бес сөзді көрсеткен, ал Тәжік сөйленісінің лексикалық ерекшеліктеріне тоқталғанда бұндағы қазақтардың тіліне тәжік, өзбек халықтары тілінің едөуір өсер еткендігін көрсетеді. Мысалы: *ауқат* – тамақ, *ниала* – шай кесе, *жай* – үй, *тандыр* – наң жапқыш пеш, т.б. жетпіс шакты сөзді атаған.

Т. Айдаров «Лингвистикалық география. Өзбекстан қазак говорларының лексикасы» атты монографиясында фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктердің ішінен араб-парсы сөздеріне тоқталғанда сөйленіс материалындағы араб-парсы сөздері басқаша, сөйленістегі араб-парсы элементтері жазба тіл емес, ауызекі тіл арқылы енгендіктен сыртқы өзгеріске үшырап, сол жергілікті халықтың сөйлеу нормасына бейімделіп, оның өуенімен қабылданған деп көрсетеді. Мысалы: *нам/нәм*, *кәшек* т.б. Кейбір араб-парсы сөздері фонетикалық өзгеріске үшыраған деп *сәтіл* (шелек), *бипая* (ұятсыз), *зардалы* (орік) сөздерін келтіреді. Ал, түркі тілдеріне қатысты сөздер деген бөлімшесінде жергілікті түрғындар

тілінде өзбек, қарақалпак, түркмен тілдерінен енген сөздер көп екендігін айтады.

О. Нақысбековтің «Шу бойындағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер» (Алматы, 1972) деп аталағын ғылыми енбегінде Шу бойы түрғындарының тілінде ғана кездесіп, Қазақстанның басқа сөйленістерінде ұшырамайтын бірқыдыру ерекшеліктерді лексикалық жағынан топтап берген, сонымен қатар Шу сөйленісінде басқа тілдерден енген сөздердің жиі кездесетіндігін, соның ішінде қырғыз, өзбек, үйір тілдерінен енген сөздердің сондай-ак, араб-парсы, орыс сөздерінің де халықтың активті лексиконына айналып, өз лексикондарымен бірдей қолданылатындығын, тіпті кей жағдайда қазақтың төл сөздерінен ғөрі басқа тілдерден енген сөздердің басым қолданылатындығын да көрсеткен. Мысалы, әдеби тілде айтылып жүрген үлкен сөзі орнына чон; ал, аласа сөзінің орнына пәс; ақша, қаражат сөзінің орнына пұл т.б. сөздерінің қолданылуын сөз етеді. Түрғындар тілінде қолданылатын үйір тілінен енген көптеген сөздерді атауға болады. Бұл топқа ат байлайтын ағашты білдіретін мама (үйг. мома), қаптың ен үлкенін білдіретін дагар (үйг. тагар), сырты терімен қапталған киіз етікті білдіретін чоқай (үйг. чокай), кездеме түрін білдіретін закар, ләмпік (үйг. ләмпик), манты қабақ (үйг. манты көва) сияқты отыздан астам сөздерді атауға болады. Зерттеуші отыз шакты араб-парсы тілдерінен енген сөздердің Шу сөйленісінде парсы тілінде айтылуы мен орысша аудармаларын берген. Сондай-ак орыс тілінен енген сөздердің әдеби тілдегі нормасынан ауытқытын жақтарын айта келіп, мұндай өзгешеленіп, түрленіп келу аға буындардың, егде адамдардың сөйлеу тілдерінде жиі ұшырайтындығын баяндайды. Автор Шу бойындағы қазақтардың тілінде революцияға дейін орыс тілінен қабылданған сөздердің бірнешеуін келтіре отырып, революциядан кейін қазақ түрмисында бұрын таныс болмаған еңбек құралдарына, үй бүйімдарына, киім-кешекке, шаруашылыққа т.б. әртүрлі жаңа үғымдарға байланысты атаулардың көптеп қолданылатындығын сөз етеді. Сонымен бірге Шу бойы қазақтарының тіліндегі фонетикалық, грамматикалық және лексика-семантикалық ерекшеліктеріне де тоқталған.

Ал Ж. Досқараевтың «Арыс говорының лексикалық ерекшеліктері» [8] атты мақаласында Арыс сөйленісінің өзбек, қырғыз, араб, тәжік

(парсы) тілдерімен байланыстылығын көрсетеді. Жергілікті халықтар ғасырлар бойы басқа халықтармен (өзбек, қырғыз т.б.) тарихи, экономикалық байланыста болғандықтан оның сөйлеу тілінде ұқсас құбылыстар көп болады. Ол ұқсас құбылыстардың ішінде басқа тілдерден ауысқан сөздер де бар. Ол сөздердің кейбіреулері тұлғалық, мағыналық жағынан өзгеріп, басқа мағынада я болмаса басқа тұлғада айтылып қалыптасқан. Енді біреулерінің жеке дыбыстары ауысып, олардың орнына басқа дыбыстар қолданылады. Мысалы,

Өзбек	Арыс говоры	Әдеби тілде
Асал	әсел	бал
Жуда	жұдә	өте, аса
Араб, тәжік	Арыс говоры	Әдеби тілде
Хашар	асар	көмек, сембілік
Азан	азанда	таңертен ерте

О. Нақысбековтің «Шу говорының кейбір лексикалық ерекшеліктері» [9] мақаласында Шу бойындағы казактардың ертеден қырғыз халқымен көршілес отырғандығын, олардың тілінде қырғыз сөздерінің көп кездесетінін айтады. Сөйлеу тілінде айтылып жүрген жуырқан (*көрпе*), топчы (*туйме*), топы (*тақия*), чақа (*қара бақыр*, мыс *тиын*) т.б. көптеген сөздер қырғызбен шектес Кордай, Мерке Луговой аудандарында жиі айтылады деп көрсетеді. Ал Ф. Сағындықова мен Ж. Бисембаеваның «Тәжікстан қазактарының тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер» [10] деп аталатын мақалаларында бұл жердегі қазактар тіл жағынан басқа топка, дәлірек айтсақ, иран тобына жататын тәжік халқының арасында өмір сүргендіктен тәжік тілі әсерінің молдығы байқалады деп көрсетеді.

Мысалы: *шабар* – шәр, кала; *мәстава* – ет, құріш, майдан жасалған сүйік тамақ; *шәкәрап* – қияр мен помидордан жасалған салат; *лекі* – ешкі, теке т.б. Авторлар бұл сөйленісте батыс сөйленістер тобымен де, онтүстік сөйленістер тобымен де ортақ элементтердің бар екендігін көрсетеді: *калла* (-бас), *әсел* (бал), *пұл* (акша), *жай* (үй) т.б. Бұл мақалалардан басқа сөйленістер тобымен салыстырғанда онтүстік өнірде көрші түркі тілдері өзбек, үйғыр, қырғыз, тәжік тілдерінің әсерінің молдығын және тіліміздегі араб-парсы сөздерінің көпшілігі осы тілдер арқылы келгенін анфарамыз. Бұл турасында Ф. Мұсабаев: «Тілімізге енген

араб-парсы сөздері батыста – татар, шығыста – өзбек, тәжік тілдері арқылы келді» деп тұжырымдайды [11].

Батыс сөйленістер тобында кездесетін кірме сөздер туралы айтылған пікірлерге тоқталсақ, бұл тақырыпта жазылған көлемді енбек – Ә. Нұрмамбетовтің «Қазақ тілі говорларының батыс тобы» деп аталатын монографиялық енбегі [12]. Автор қазак тілі сөйленістерінің батыс тобын бес сөйленіске бөліп қарастырады: Орталық, Манғыстау, Арап-Сыр, Қарақалпақ АССР-ы қазак тілі сөйленісі, Түрікмен ССР-і қазак тілі сөйленісі. Галым әр сөйленістің лексикалық, фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне жеке-жеке талдау жасаған. Бізге керегі кірме элементтер болғаннан кейін енбектен зерттеушінің осы мәселе төнірегінде айткан пікірлеріне ғана тоқталамыз. Бұл өнірдің халқы ертеден түрікмен, қарақалпақ, өзбек халықтарымен тікелей қарым-қатынаста, аралас-құралас отырған, бұл әсер тілден көрініс тауып, сол жердегі түрғындар тілінің лексикасын ерекшелей түсептіндігін көрсетеді. Түрікмен, қарақалпақ, өзбек тілдерінен енген: *дәп* (әдем), *әтішкір* (шымшуыр), *пияда* (жаяу), *ұтыр* (ыңғайлы, қолайлы), *қошық* (әңгімелесіп қоңыл көтепру, олең айту), *бәдірен* (қияр), *курсі* (орындық) т.б. отыз шакты сөздерді келтіреді. Өзбек, үйғыр тілдері арқылы енген араб-иран сөздері де көп. Мысалы: *рабат* – кең, үлкен; *сагира* – сәби, жас, жетім бала; *үзір* – қыын іс; *ділуар* – білгір, жүйрік т.б. Сондай-ақ, батыс сөйленістер тобында кездесетін ногай, татар тілдерінен жиырма-отыз сөзді көрсеткен. Мысалы: *аданас* (аданас) – туысқан; *борік* (боұрк) – құлақшын; *еспат* (ыспат) – дәлел; *куйенте* (куын) – иінагаш; *орам* (орам) – көше т.б. Орыс тілінен енген *кезерме* (казарма), *орел* (руль) *кокеней* (кухня), *өттік* (отых) сияқты сөздерді де берген. Галым жоғарыда аталған ебегінде батыс сөйленісіне монғол тобына жататын халықтардың тигізген тілдік әсерін де атап көрсеткен. Қазактарға қалмактардан ауысқан төмендегі сөздерді келтіреді: *мошқау* (тергей, анықтай түсу), *әйдік* (үлкен, зор), *зорман* (зурмн) – сарышұнақ т.б. Батыс сөйленістер тобына жататын Түркіменстан қазактарының тіліне арналған сүбелі енбек аты аталған автордың «Түркіменстандағы қазактардың тілі» деп аталатын монографиясы [13]. Түркіменстанның батысындағы Красноводск, Қарабұғаз, Небитдаг қазактары түрікмен халқымен, Ашхабад, Мары, Байрам-Али

төнірегіндегі қазактар түркменмен қатар өзбектермен де аралас отырып, тығыз қарым-қатынаста болса, Ташауыз облысындағы қазактар түркмен, өзбек, қарақалпақтармен «тонның ішкі бауындар» бір-бірімен аралас отыр. Міне, осы жағдайлар зерттеліп отырған сөйленістің лексикалық ерекшеліктеріне өсерін тигізген. Сөйленісте басқа тілден аудыкан сөздерге шығыс халықтарынан, әсіресе араб-иран тілдері мен орыс тілінен енген сөздер жатады. Бұл жақтағы қазактар тіліне араб-иран сөздері түркмен халқы арқылы еніп отыр. Сөйленіске енген араб-иран сөздері күнделікті өмірге қажетті зат атаулары мен шаруашылықтың түрлі салаларында кездесіп

отырады. Қолемі жағынан араб тілінен аудыкан сөздерге қарағанда иран тілінен енген сөздер аумакты. Мысалы: *шайыр* – ақын, өлең жазушы; *мекерлік* – құлық зұлымдық; *әмме* – барлық; *куре* (*курра*) – құлын т.б. отыз шақты сөздерді келтірген. Бұл тілдерден аудыкан сөздердің жергілікті тіл ерекшеліктерінде мол болуы Н. К. Дмитриевтің: «Что же касается туркменского, то нельзя забывать, что его лексика переполнена персидскими словами...» [14] деген пікірімен сәйкес келеді. Фалым енбегінде иран тілінен енген отыз алты сөздің сөйленістегі тұлғасы мен мағынасын парсы тіліндегі жазылуы мен мағынасына салыстыра көрсеткен. Мысалы:

Сөйленісте		Парсы тілінде	
Айтылуы	мағынасы	Айтылуы	мағынасы
шиша // шүйше	бөтелке	شيشة	шыны, бөтелке
шәже	балапан	جوچة	балапан
кәр	кәсіп, жұмыс	کار	енбек
дарак	ұлken, ағаш	درخت	ағаш т.б.

Жергілікті тұрғындар тілінде орыс тілінен енген сөздер көптеп кездеседі: *кілкі* (*килька*), *кейіт* (*каюта*), *платенса* (*сұлғи*), *әшіменәк* (*восьмушка*), *тәсілен шай* (*цилон шайы*), *пәтік* (*потолок*) қарақалпақша «пәтик» формасында «потолок» мағынасында қолданылғандықтан, аралас отырған қазактардың тіліне де кіріп «пәтик» болып айтылған. Осында жиырма шақты сөзді көрсеткен. Осы тақырыпқа жазылған академик Ш. Сарыбаевтың «Батыс Қазақстан экспедициясының материалдарынан» [15] мақаласында Жайық бойын мекендеген қазактардың тілінде татар, ноғай тілдерінің өсері байқалатындығын сөз етеді. Мысалы: *инкал* (*еттің наны*), *опат болу* (*қайтыс болу*), *орам* (*коше*) т.б. Сондай-ақ О. Накысбековтің «Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында тұратын қазактардың тіліндегі кейір жергілікті ерекшеліктер» [16] атты мақаласында Орынбор қазактары ертеден татар, башқұрт халықтарымен қоныстас болып келгендіктен бұлардың сөйлеу тіліне біраз өсер еткендігін әңгімелейді. Тұрғындардан жиналған зорат (*орылған астықтар үйіндісі*), *шаршау* (*терезе переде*), *сәндіре* (*лапас, бастырма*), *курпе* (*кебек, ұрпақ*) сияқты сөздер татар тілінде зурат, *шаршау*, *сәндәрә*, *корпә* түрінде кездесіп, айтылуы да беретін мағыналарының да бірдей болып келетіндігін айтады [17].

Бұрынғы Орынбор губерниясындағы қазактардың тіліне татар, башқұрт тілдерінің едәуір өсер еткендігін П. М. Мелиоранский өткен ғасырдың аяқ шенінде-ақ байқаған болатын: «Оренбургская губерния представляет из себя весьма интересное поле наблюдения для тюрколога, так как в ее смешанном татаро-башкиро-киргизском населении можно знакомиться не только с этими тремя наречиями, но местами и с разными переходными говорами» [18]. Маңғыстау өнірін мекендеген қазактардың тілінде түркмен, қарақалпақ тілдерінен енген сөздердің кездесетінін С. Омарбековтің «Қазактың аудызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер» атты монографиясынан көреміз [19]. Мысалы: *ашар* – *кілт* (*тур. Achar*), *әткішкір* – *отқысқыш* (*қарақ, атешкор*), *керсөң* – *ұлken табақ*, *байтаба* – *жұннен тоқылған шұлғау* (*қарақ, пайтаба*) т.б. Сол сияқты О. Накысбеков пен А. Иманбаевтың мақаласынан аталған облыстағы қазактардың тілінен қазак сөздерінің орнына бұл өнірде орыс сөздерінің қолданылатынын көреміз [20]. Мысалы: *рандан арба* (*қалқанды арба*), *кнут* (*қамышы*), *жашмен* (*арпа*), *ланас* (*жан-жасы ашық, үсті жасбық, далда*), *пияла* (*керосин шамның шынысы*) т.б.

Осы тақырыпты А. Тасымовтың «Поволжья қазактарының тілдеріндегі ерекшеліктер» [21]

деген ғылыми еңбегі толықтыра түседі. Фалым Поволжья казактары да өздерінің этникалық құрамдары жағынан Кіші жүзге жататындықтан олардың тілдеріндегі ерекшеліктер Орынбор, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары казактарының тілдеріндегі ерекшеліктермен көп жағдайда сәйкес келетіндігін көрсетеді. Олардың негізін ноғай, татар, башқұрт, қалмақ және орыс тілдерінен енген сөздер күрайды. Бұларды зерттеуші 1) түркі тілдерінен енген; 2) славян тілдерінен енген; 3) қалмақ элементтері мен түркі-монгол сәйкестіктері деп топтап алған. Тарихи деректер көрсететіндей, қазактар халық болып қалыптастан XIV–XV ғғ. дейін ноғай ордасының әсерін басынан өткеріп келді. Бұл турасында Н. А. Баскаков: «Это обстоятельство не могло не повлиять на язык казахов не только Поволжья, но и всего западного региона Казахстана» деген болатын [22]. Поволжья казактарының тілдеріне ноғай тілінен енген: *ауыздау* (ног. *агызлав*) – *сойлеу*, *әттек* (ног. *өйттек*) – *нан, шалт* (ног. *шолт*) – *шапшаң, шеккі* (ног. *шекки*) – *таразы* деген сөздерді көлтірсе, орыс тілінен енген: *аглоб* (оглобли); *зәғон* (загон), *кән* (*граница*), *көсө* (*коса*), *позір* (*пузырь*), *централ* (*центральный*), *шидолка* (*сидельник*) т.б. сөздерді атаған, ал қалмақ сөздерінен әдеби тілімізде **калкам, шырағым** сөздерінің орнына қолданылатын **көкілім** сөзін көрсетеді. Бұл қалмақтың **коркхін** сөзі болса керек, егерде үнді **Р** дыбысының тұрақсыздығы мен **Н-Л** дыбыстарының сәйкестіктерін ескерсек, сонымен бірге *мошқау* (*анықтау*), *тас* (*қалм. тосх*) – *кірпіш*, *оданы* (*қалм. оодан*) – *дорекі* т.б. сөздерді көрсеткен.

Енді қазақ тілінің Шығыс сөйленістеріндегі кірме элементтерге тоқталатын болсақ, Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарында елуінші жылдардың басында Қытай Халық Республикасынан қазактар қоныс аударғаны баршамызға мәлім. Бұл жағдай тіл зерттеушілерді де қызықтыра түсті, өйткені қытай тілінің Қытайдан келген қазактар тіліне әсерін тигізуі, сөйтіп ол жергілікті ерекшеліктерді тудыратыны белгілі. Фалымдарымыз Шығыс сөйленістер тобын зерттегендे бұл мәселені де қаперге алған болатын. Алайда біздің тіліміз бен қытай тілінің ежелгі байланысын, өзара қарым-қатынасын және кейбір ортак сөздерін саралап зерттеу өте қыын мәселе екендігі белгілі. Бұл жөнінде синолог

В. П. Васильев өзінің «Қытай тілінің Орта Азия тілдеріне қатысы туралы» енбегінде былай деген болатын: «Китайский язык и его литература требуют такого разнообразного труда, что одному человеку нельзя во всем равно успеть, а между тем, чем больше изучаешь, тем более выступают все новые и новые вопросы, которые имеют притягательную силу и которых хотелось бы коснуться» [23]. Осыған қарамастан ғалымдарымыз зерттеулер жүргізіп, мақалалар мен монографиялық еңбектер жазды. Алдымен Ж. Болатовтың «Қазақ тілінің шығыс говорлар тобы және оның әдеби тілге қатысы» деген тақырыпта жазылған докторлық ғылыми еңбегін атап едік [24]. Фалым Шығыс Туркістан қазактары күнделікті өмірлөрінде қытай сөздерін көптеп колданатынын көрсеткен. Олар: *жозы* (*қыт. чжсоцзы*) – *аласа дөңгелек стол*, Семей, Шығыс Қазақстан тұрғындарымен катар Алматы облысының Нарынқол, Кеген аудандары тұрғындарының тілдерінде де қолданылады, *буыз/бузы* (*қыт. фуцы*) – *кебек*, Семейдің Аягөз, Шығыс Қазақстанның Құршім, Зайсан аудандарында, *борми/порми* (*қыт. баоми*) – *жүгерi*, Семейдің Үржар, Маканшы аудандарында, *шошала/тошала* (*қыт. соцза*) – *ас, су қоятын уй*, Семейдің Абай, Шұбартау, Үржар, Маканшы, Ақсуат, Жамбылдың Шу, Мойынқұм аудандарында қолданылады. Ал орыс тілінен енген сөздерді қолдануда тұрғындар тілінде өзіндік ерекшеліктердің бар екендігін тәмендегі мысалдар арқылы берген: *сәпекші* (*сапожник*), *дәленке* (*тарелка*), *пәндиқ* (*прянник*), *чрет* (*очередь*), *бөстеки* (*пустяк*), *қампим* (*конфета*) т.б.

Ал Б. Бафиннің макаласынан дыбысталуы мен мағынасы бір-біріне жуық келетін қазақ пен қытай тілдеріне ортақ қолданылып жүрген сөздерді көптеп кездестіреміз: *бул* (*пұл – бу/қыт.*) – мата, кездеме; *лагыман* – *ламянь* (*лаглоэрмянь – лагыман*, созылған тал-тал қамыр, ет пен овош қосылып жасалған кеспенің ерекше түрі (Онтыстік өнірлерде кездеседі); *нән* – *нань* - *қыт. (улken, дәү)* Орал облысында айтылады [25] т.б. Сонымен бірге тіліміздегі монгол, алтай, қытай тілдерінен енген сөздерге басқа да бірнеше макалалар арналған. Мысалы, академик Ш. Сарыбаевтың макаласынан әдеби тілімізде қолданылмай, тек Монгол Халық Республикасында тұратын казактардың тілінде ғана қолданылатын сөздерді кездестіреміз [26].

Монгольский	Казахский (МНР)	Русский
лонх	Лонқа	бутылка
сөтәр	сетер (ат)	посвященная
данс	данса	журнал, книга
хайнаг	кейнек	помесь коровы с яком

Галым кейбір монғол сөздерінің: *тарвас* (*арбуз*) сөзінің дыбысталуы жағынан онтүстікте қолданылатын «дарбызы» сөзіне, *цэгдэг* (*рубашка*) сөзінің сөйленістегі *жайде* (*рубашка*) сөзімен сәйкес келетінін, бұл сөз Жетісу түрғындарының тілінде әдеби тілдегі *көйлек* (*рубашка, платье*) сөзінің орнына қолданылатынын, ал *элхэг* (*сито, решето*) сөзінің Қазақстанның батыс облыстарында айтылатын «елек» сөзімен, сондай-ақ *там* (*глубокая яма, пропасть*) сөзінің Қазақстанның солтүстік-батыс және орталық облыстары түрғындарының тіліндегі «бейіт, мола» сөзімен сәйкес келетінін көрсетсе, Ж. Болатов өз мақаласында атаған сөйленістерде алтай, монғол, қытай, орыс тілдерінің өсері айқын байқалатынын, онда қазақ тілі шығыс сөйленістерінің негізгі ерекшеліктері жиі кездесетінін әңгімелесе [27], Е. Бектұрғанов пен У. А. Сүлейменовтің макалаларынан жергілікті жерде қолданылатын: *айылдан келу* – қыдырып келу (*по алт. – айл – үй, айылда – ходит в гость*), *балқаш үй* – дом, построенный из глиняных кирпичей (*по алт. балқаш – глина*), чыжым – сым (*монг. сым – шижин*), зелетке (*ор. жилемтка*), *пеш* (*ор. печь*), *бөтелке* (*ор. бутылка*) т.б. алтай, монғол, орыс сөздерін кездестіреміз [28].

Орталық-Солтүстік сөйленістер тобына басқа тілдердің өсері туралы сөз кылғанда бұл сөйленістер тобының қамтитын облыстары мол болғанымен, тек Қостанай қазактарының тілі жайлы жазылған бір ғана енбекті атайды. Ол А. Байжоловтың «Языковые особенности казахов Кустанайской области» атты енбегі [29]. Қостанай қазактарының тілі басқа сөйленістерден орыс тілінен енген сөздердің көбімен ерекшеленетінін көрсетеді. Мысалы: *білетен* (*пілетең / племень*), *бөкес* (*покос*), *көсек* (*косяк / косяк*), *бөгіре* (*богиребас / погребец*), *мәтке* (*матица*), *лоқы* (*лунка*), *месуақ* (*рус. миска, каз. уақ*). *бесок* (*песок*), *серенкe* (*серянка*) т.б., сондай-ақ, татар-башқорт тілдерінен енген төмендегі сөздерді береді: *бора* – *сусек* (*тат. бура*), *тебетей* – *тибетейка* (*тат. баш. түбәтәй*), *эти* – *әке* (*тат. атый*), *кебек* – *қандала*, *сасық*, *қызыл* (*тат. кибәк*)

т.б. Бұл енбектен басқа Ш. Сарыбаев, О. Накысбеков, К. Құрманөлиевтердің Қекшетау, Омбы облыстарының кейбір аудандарындағы түрғындар тілінің ерекшеліктері жайлы мақалалары жарайқ көрді. Осы мақалаларда фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктермен катар кірме элементтер де көлтірілген.

Ш. Сарыбаевтың мақаласынан орыс тілінің жергілікті ҳалық тіліне құшті өсер еткендігін көреміз [30]. Мысалы: *сенек* (*ор. сени*) – ауыз үй; *қашауа* (*ор. кашовка*) – жеңіл шана; *попәйке* (*ор. фуфайка*) – сырлыған қалың бешпет; *деленке* (*ор. делянка*) – агашты кесу үшін әркімге боліп берілген жердің шекарасы; *аглоб* (*ор. оглобли*) – тәрте, терте; *бәкіс* (*ор. вакса*) – аяқ күй майлайтын крем; *занток* (*ор. зонтик*) – қолшатып т.б.

Академик В. Радлов 1870 жылдың өзінде Қазақстанның солтүстік облыстарында тұратын қазактардың тілінде орыс сөзінің көп ұшырайтындығын сөз еткен еді: «... в словесном отношении киргизски (казахский – Н. А.) конечно, несколько обогатился под влиянием русских соседей на севере и сартов на юге» [31]. Омбы облысымен шектес жатқан Қекшетау түрғындарының тілінде орыс сөздерінің мол, қазақ тіліндегі сөздерден ғөрі оның орысша баламасының жирик қолданылатынын О. Накысбековтің мақаласынан көреміз [32]. Мысалы: *өзүршік* (*қияр*), *пәртік* (*омырауша*), *шарып* (*мойын орагыш*), *курушок* (*есіктің ілгегі*), *құнт* (*бишік*) ұзын қамиши, арба қамиши, *помыш* (*көмек, асар, жәрдем*) т.б. Ал орыс сөздерінің жергілікті ҳалық тілінің сөйлеу нормасына лайықталып айтылатынын К. Құрманөлиевтің мақаласынан көз жеткіземіз: *істене* (*ор. стена*), *шөшнек* (*ор. чеснок*), *ізбес* (*ор. известь*) [33]. Б. Сүлейменова мақаласында Қазақстанның солтүстік және шығыс облыстары түрғындары тілінде жиі қолданылып, республикамыздың онтүстік өнірлерінде кездеспейтін орыс сөздерін көлтіреді [34]. Олар: *ләтп кесе* (*ор. литровая чашка*), *бедре* (*ор. ведро*), *бөзір* (*ор. пузыр*), *мосыла* (*ор. коромысло*), *мескей* (*ор. миска*), *кәтөл* (*ор. котел*), *ілес* (*ор. лист*), *істен* (*ор. стена*), *мәркөп* (*ор. морковь*), *сbekла* (*ор. свекла*), *шерми* (*ор. червяк*), *бұрыс* (*ор. брусь*), *жәшиле* (*ор. ясли*), *канав* (*ор. канава*), *окып* (*ор. ухабы*) т.б.

Корыта келгенде, қазақ сөйленістеріндегі кірме сөздер екі жолмен: біріншісі – тікелей ену арқылы, екіншісі – аралық тілдің өсері арқылы енген.

ӘДЕБИЕТ

1. *Богородицкий В.А.* Очерки по языковедению и русскому языку. М., 1939. С. 5.
2. *Аманжолов С.А.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959; *Доссараев Ж.* Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері / Лексика / Шөлім. Алматы, 1955.
3. *Доссараев Ж.* Краткий очерк о южном диалекте казахского языка // Известия АН КазССР. Серия филологическая. 1946. Вып. 4.
4. *Нақысбеков О.* Языковые особенности казахов Чуйской долины: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1963.
5. *Бектурров Ш.* Кзыл-Ординский говор казахского языка: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1968.
6. *Айдаров Т.* Языковые особенности казахов Тамдинского района Узбекской ССР: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967.
7. *Абдувалиева Ю.* Фонетико-морфологические особенности Ташкентского говора казахского языка: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967.
8. *Доссараев Ж.* Арыс говорының ерекшеліктері // КГТ мен ДМ. 3-шығуы. Алматы, 1960.
9. *Нақысбеков О.* Шу говорының кейір лексикалық ерекшеліктері // КГТ мен ДМ. 3-шығуы. Алматы, 1960.
10. *Сагындықова Ф., Бисембаева Ж.* Тәжікстан қазақтарының тіліндегі кейір ерекшеліктер // Қазақ тіліндегі аймактық ерекшеліктер. Алматы, 1990.
11. *Мусабаев Г.* Современный казахский язык. Лексика. Алма-Ата, 1959.
12. *Нұрмаганбетов Ә.* Қазақ тілі говорларының батыс тобы. Алматы, 1978. 216-б.
13. *Нұрмаганбетов Ә.* Түркменстандағы қазақтардың тілі. Алматы, 1974. 167-б.
14. *Дмитриев Н.К.* Стой тюркских языков. М., 1962. С. 13.
15. *Сарыбаев Ш.* Батыс Қазақстан экспедициясының материалдарынан // КГТ мен ДМ. 4-шығуы. Алматы, 1962.
16. *Нақысбеков О.* Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейір жергілікті ерекшеліктер // КГТ мен ДМ. Алматы, 1962. 4-шығуы.
17. Татарча – русча сүзлек. Казань, 1950.
18. *Мелиоранский П.М. / Реп. на / В. В. Катаринский.* Грамматика киргизского языка. Оренбург. 1897 // Зап. Вост. от. д. рус. археол. об-ва. 1897 – 188. С. 363–364.
19. *Омарбеков С.* Қазақтың ауызекі тіліндегі жергіліктер / Маңғыстау говорының материалы. Алматы, 1965. 204 б.
20. *Нақысбеков О., Иманбаев А.* Астрахань, Волго-
- град экспедициясының маериалдарынан // Қазақ тілінегі аймактық ерекшеліктер. Алматы, 1990.
21. *Тасымов А.* Языковые особенности казахов Поволжья: Автореф. дис. ... филол. наук. Алма-Ата, 1975.
22. *Басқаков Н.А.* Введение в изучение тюркских языков. М., 1962. С. 74.
23. *Васильев В.П.* Об отношениях китайского языка к среднеазиатским языкам. 1872. С. 84.
24. *Болатов Ж.* Восточная группа говоров казахского языка и ее отношение к литературному языку: Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Алма-Ата, 1970. 52 с.
25. *Бафин Б.* Қазақ пен қытай тілдеріне ортақ кейір сөздер // КГТ мен ДМ. 4-шығуы. 229-255-бб.
26. *Сарыбаев Ш.* К вопросу о монгольско-казахских языковых связях // КГТ мен ДМ. 2-шығуы. Алматы, 1960.
27. *Болатов Ж.* Қошагаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // КГТ мен ДМ 4-шығуы. Алматы, 1962; Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы // КГТ мен ДМ. 5-шығуы. Алматы, 1963. Қытайдан келген қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // Қазақ тіліндегі аймактық ерекшеліктер. Алматы, 1990.
28. *Бектурганов Е.* Үржар, Мақаншы диалектологиялық экспедициясының материалдарынан // КГТ мен ДМ. 4-шығуы. Алматы, 1962; *Сулейменов У.А.* Заметки по фонетике и лексике языка казахов Южного Алтая // Қазақ тіліндегі аймактық ерекшеліктер. Алматы, 1990.
29. *Байжолов А.* Языковые особенности казахов Кустанайской области: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1964.
30. *Сарыбаев Ш.* Көкшетау облысының Щучинск, Еңбекшілер ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейір лексикалық ерекшеліктер // КГТ мен ДМ. 3-шығуы. Алматы, 1960.
31. *Радлов В.В.* Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Ч. 3. СПб., 1870.
32. *Нақысбеков О.* Кекшетау экспедициясының материалдарынан // КГТ мен ДМ. 2-шығуы. Алматы, 1960.
33. *Құрманәлиев К.* Омыбы облысының Называевск, Есілкөл аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейір лекцикалық ерекшеліктер // Қазақ тіліндегі аймактық ерекшеліктер. Алматы, 1990.
34. *Сулейменова Б.* Из истории русских лексических заимствований в казахском языке. Алма-Ата, 1965.

Резюме

На основе трудов казахских ученых-диалектологов рассматриваются пути проникновения заимствований из арабо-персидского, русского, монгольского, китайского и тюркских языков в южный, центрально-северный, восточный и западный говоры казахского языка.